

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 <https://www.un.org/ru/120921> Образование для всех
- 2 <https://rosopeka.ru/articles/2913/86452/> Саламанкская декларация и документы ООН и ЮНЕСКО
- 3 Лиходедова Л.Н. Инклюзивті білім берудің теориясы мен практикасы. - Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2021. - 194 б.
- 4 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034902> «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдау туралы» Заң.
- 5 Оспанбаева М. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. - 232 б.
- 6 Кожанова Е.И., Андреева Н.В. Педагогические технологии инклюзивного образования. - Тверь, 2023. - 26 б.

ШАМАНИЗМ ҚҰБЫЛЫСЫ: ТҮРЛІ ХАЛЫҚТАРДАҒЫ ОРТАҚ БЕЛГІЛЕР МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Жұманазаров Ә.Н.

Ғылыми жетекші т.ғ.к. Қожақметова Г.К.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
na.aliaskar@mail.ru
Астана қ.

Көшпелі қоғамдағы рухани дүние ғасырлар бойы сақталған әдет-ғұрыптар және наным-сенімдер мен қоғамдық қатынастарды реттеп, адамдардың дүниетанымын қалыптастыруда шешуші рөл атқарғаны белгілі. Дәстүрлі қоғамда жазба мәдениеті тарамағандықтан рухани тәжірибе - ұжымдық тәрбие мен әлеуметтік бақылаудың негізгі тетігі болды. Сол тәжірибенің ішіндегі ең күрделісі әрі көпқырлысы - шаманизм.

Олар этникалық мінез-құлық нормаларын сақтауға септігін тигізіп, қоғамдағы адалдық, ашықтық, табандылық сияқты қасиеттердің қалыптасуына негіз болды. Сол дәстүрлер болмаса, халықтың өмір сүруі мүмкін болмас еді. Ежелгі дәуірлерден бері сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа берілген бұл тәжірибе әлемдік өркениетке жан-жақты ықпал ете алды.

Шаманизм адамзат тарихында ең көне әрі жұмбақ діни бағыттардың бірі болып саналады. Алайда, оны тек дін деп қарастыру қате болар еді: шаманизм - бұл тек рухтарға сенім емес, сонымен қатар мәдени дәстүр мен таным жүйесінің бір бөлігі.

«Шаман» сөзі тунгус-маньчжур тілінен шыққан. Ал кейбір деректерде шаманизм атауының шығу төркінін ғалымдар үнділік діни-танымдық дәстүрлермен байланыстырады. Мәселен, «шаман» сөзін «шраман», ал «бақсы» сөзін «бахши», «бахти» тәрізді ұғымдармен сабақтастыратын пікірлер бар. Ал «камлану» терминінің түп негізін түркі халықтарының «қам» немесе «қам қылу» деген ұғымдарымен байланыстыратын көзқарас кең тараған. Сөздіктерде бұл атаудың «эвенкі тілінен енген, ерекше күйге түскен адам» деген мағына беретіні көрсетіледі. Шаманизм ең алдымен Сібір, Орал, Алтай аймағындағы халықтар арасында кең тарағанымен, ол Африка, Америка, Океания және басқа да өңірлердің дәстүрлі мәдениеттерінде де кездеседі [1, 175-176 бб].

Отандық ғылымда шаманизм дәстүрлі мәдениеттегі сиқыр мен ритуалды зерттеудің объектісі ретінде қарастырылады. Осы себепті оны кейде «әлемнің сиқыры» деп те атайды.

Мақаланың зерттеу мақсаты көптеген халықтардың шаманизм дінінің ортақ белгілері мен ерекшеліктерін қарастырамыз.

Шаманизм дегеніміз - экстаздық күйге ерекше мән берілетін архаикалық магиялық-діни феномен. Шаманизм кең таралған құбылыс болып алғаш рет Сібір мен Орталық Азияда тіркелген, кейін Солтүстік Америка, Индонезия және Океанияда да кездескен. Сондай-ақ шаманизмнің Африка аймағында да кең таралғаны белгілі. Шаманизм магиямен тығыз байланысты болып, анимизм, фетишизм және тотемизм сияқты сенімдермен үйлеседі, ал оның негізін алғашқы қауымдық құрылыстар құрайды. Дегенмен, осы күрделі құбылыстың негізгі тұлғасы - шаман болып табылады. Сондықтан алдымен «шаман» ұғымын анықтап, кімнің және қалай шаман болатынын, сондай-ақ оның қоғамдағы рөлін түсіну маңызды [2, 256 б].

Шамандарды тек балгер немесе емші ретінде қарастыру кең тараған түсінік болғанымен, бұл көзқарас толықтай шындыққа сай емес. Шаман кей жағдайда діни жоралғы өткізуші де, емші де,

сиқыршы да бола алады, бірақ оның қызметі мұнымен ғана шектелмейді және тек осы функциялардан тұрмайды. Белгілі философ және дінтанушы Мирча Элиадэ атап өткендей, қоғамда түрлі жоралғы жүргізетін адамдар мен емшілер болғанымен, экстазға негізделген рухани тәжірибе басым аймақтарда жетекші тұлға болып саналатыны - дәл сол шаман. Себебі ол экстаз күйін меңгерудің ең білгір әрі қуатты өкілі болып табылады. Экстаздық күй - шамандық тәжірибенің ажырамас бөлігі. Бұл күй олардың рухтар әлемімен байланыс орнатуымен тығыз байланысты. Тағы бір кең тараған пікір - шаман экстазға жету үшін міндетті түрде арнайы заттар қабылдайды деген түсінік. Алайда бұл дұрыс емес. Әрине, белгілі бір заттарды қолданатын жағдайлар кездеседі, бірақ ол негізінен рухани күші әлсіз шамандарға тән. Нағыз тәжірибелі шамандар экстазға жету үшін арнайы әдістерді пайдаланады, көбіне музыкалық аспаптар арқылы транс күйіне енеді [2, 255-256 бб].

Қазақ мәдениетіндегі бақсылықтың күрделі әрі көпқырлы табиғатын зерттеп, бақсылар туралы дереккөздерді толыққанды жинаған, сол дәуір зерттеушілері қалдырған жазбаларда бақсылардың емдік рәсімдері мен қызметіне қатысты мәліметтер көп. Атап айтқанда, А. Алекторов, И. Георги, А. Диваев, И. Кастанье, Х. Кустанаев, А. Левшин, В. Радлов, П. Паллас, Ш. Уәлиханов, И. Чеканинский, А. Янушкевич, М. Ястребов және басқа да зерттеушілердің еңбектері қазақ бақсылық дәстүрін тануда құнды дерек болып табылады [3, 42 б].

Ал бұл діни ұғымды ғылыми тұрғыда XVIII ғасырдан зерттей бастады, әсіресе Ресей ғалымдарымен байланыстырсақ болады. Ал шамандар туралы Еуропа жеріне Ресейде болған экспедициялық саяхатта белгілі болды. Петр 1 кезінде Ресейдегі Сібір мен Орта Азия халықтарының шамандары туралы Еуропадан келген зерттеушілер мен саяхаттаушылардың жазуларынан белгілі.

Шаманизм ұғымы өз құрамында тарихи, этнографиялық, саяси, әлеуметтік, психологиялық және тілдік сипаттағы көптеген мәселелерді қамтитын күрделі құбылыс болып табылады. Ол уақыт пен кеңістікке, соның ішінде посткеңестік аймаққа қатысты тұрақты сипатқа ие. XIX ғасырдағы бірқатар ориенталистер шамандық дәстүрдің жойылатынын болжағанына қарамастан, шаманизм өмір сүруін тоқтатпады. Сол кездегі зерттеушілер «бақсылар туралы ел арасында тек ащы естеліктер ғана қалатын күн алыс емес» деп есептегенімен, бұл болжам ақталмады [4, 8 б].

Бұл діни ұстаным барлық континенттерде таралған және жие қолданыста болған. Әр бір этностың өмірінде шаманизм басым орын алған, қазіргі таңда шаманизм көп елде жоғалып бара жатқаны анық. Сібір жерінде орналасқан тайпалар мысалға: Юкагирлер, Эвенк және т.б халықтарда шаманизм жоралғылары, түсінігі бәсеңдеген, бірақ Саха, Бурят, Тыва халықтарында шаманизм сақталған түгелі олардың жоралғылық элементтері шет елдерінде айқын дамуда. Қазақ жерінде шаманизм емес, көбіне «бақсылық», алайда бақсылық пен шамандықтың арасында айырмашылық көп емес. Бақсылық тәңіршілдік дінінен тараған ал шамандық болса ежелден келе жатқан діни түсінік, шаманизмнің басты түсінігі: Табиғат пен Аспан әлеміне сенім.

Қазақтар мен тывалықтардағы шамандық дәстүрдің ерекшеліктерін қарастырмас бұрын, олардың өміріндегі шешуші кезеңдердің бірі - шамандық қабілеттің қалыптасуын атап өткен дұрыс. Шаманның қызметке келуіне әсер ететін ішкі түрткілер, «шамандық дарынының» оянуына жағдай жасайтын құбылыстар оның кейінгі тағдырына, қолданатын әдістеріне және болашақта атқаратын рәсімдерінің тиімділігіне тікелей ықпал еткен.

Тывалықтар арасында ерекше сенім болған: олардың түсінігінде қайтыс болған шаманның жаны тірі адамға көшіп, жаңа иесін табады. Осы нанымға байланысты Ф. Кон Шагдыр атты тывалық шаман жайлы қызықты аңызды келтіреді. Аңыз бойынша, он алты жасар Шагдыр бір күні далада жүріп, қатты нөсер астында қалады. Дауыл басылғанда шыққан кемпірқосақтың бір ұшы оның басына түсіп, сол сәтте бұрынғы шаманның рухы жігіттің бойына енеді. Ұзақ уақыт есін жимай жатқан Шагдырды «вереспен» аластағаннан кейін ғана ол тіршілік белгісін көрсетеді. Біраз уақыт өткен соң ол ағаш пен темірді алып, оларды бір-біріне ұрып, дабылдың даусына ұқсас дыбыстар шығара бастаған. Осыдан кейін жұрт Шагдырдың шамандық қасиеті оянғанын түсінген. Қазақ қоғамында шамандықпен айналысу қасиеті атадан балаға берілетін мұра ретінде қарастырылған. Қазақ бақсыларының барлығына ортақ рухани қамқоршы - ежелгі дәуірден бастау алатын Қорқыт ата образы саналған. Ерлер де, әйелдер де бақсылық ете алғандықтан, бұл қабілет әке жағынан да, шеше жағынан да берілуі мүмкін еді.

Ф. Фиельструп жазбаларында Телеу қожа есімді қазақ бақсысы аталып өтеді. Оның әжесі Олтай бибі де бақсылық қасиеті бар адам болғаны баяндалады. Сондай-ақ, Фиельструп Исламбек деген шаман жайлы деректер келтіреді. Әкесі қайтыс болар алдында оған үш күн бойы қабірінің жанынан алыстамауды тапсырады. Бірақ Исламбек бұл өсиетті орындамай, жоғалған жылқысын іздеп кетеді. Жолда бір топ адамды көріп, оларды ұры деп ойлайды. Сөйлесуге жақындаған салт аттының тұсында

Исламбек кенеттен өзін жайсыз сезініп, есінен танып қалады. Ол түске дейін талып жатады. Осы уақыт аралығында әлгі салт атты оған жақындап келіп, әкесінің өсиетін неге орындамағанын сұрай береді.

Исламбек есін жиған соң, сол салт атты қайта көрініп, оған рухтардың енетінін хабарлайды. Исламбекке қобыз тарту міндеттеледі. Бір жарым жыл бойы ол бұл бұйрыққа қарсы болғанымен, рухтар оның қыр соңынан қалмайды. Тіпті бір жолы керегеде тұрған қобыз өздігінен ұшып түсіп, оның кеудесіне соққан. Ақыры Исламбек адамдарға емшілік жасауға кіріседі. Оның рухтары Айдарбек, Дозой, Терек, Елшығыс, Толыбек секілді адам есімдерімен аталып отырған. Олардың кейбірі адам кейпінде көрінген. Мәселен, Айдарбек бет-бейнесі әйелге ұқсас, мінезі еркекке тән, толық, дөңгелек жүзді адам түрінде елестеген. Оның астында мұхырты атты болған [5, 283 б].

Демек, қазақтар мен тывалықтар арасында шамандық қасиет көбіне ата-бабаларынан мирас болып келген. Тұқым қуалайтын шамандар ең беделді әрі аса күшті деп есептеліп, олардың емшілік тәсілдері ерекше нәтижелі болған. Тывалық шамандық дәстүрде мұндай қабілеттерді жеткізу тәсілдері әлдеқайда мол және түрліше көрінеді. Осы қырынан қарағанда, тывалық шаманизмнің табиғат құбылыстарын қабылдаумен тығыз байланыста екені айқын аңғарылады.

Тыва шамандарының жоралғыларына келектін болсақ: Камлание (шамандық ғұрып) рәсімінде тывалық шаман науқасты билеп алған рухты іздеп рухани сапарға аттанады. Бұл жолда ол небір қиындықтардан өтіп, түрлі кедергілерге душар болады. Соңында шаман рухтың өз шарттарына көніп, ауру адамның денесін босатуына қол жеткізеді. Рәсімді бастамас бұрын, дәрежесіне қарамастан, әр шаман міндетті түрде «саң салыры» - хош иісті түтін шығару дәстүрін орындайтын. Ол үшін жалпақ тасқа шоқ пен күл төгіліп, үстіне кептірілген арша тасталатын. Арша иезде түтіндесе, бұл курильницаның «жандануын» білдіретін. Осыдан кейін оған аз мөлшерде ұн, тары, май және сүр май қосылатын. Шаман әуелі өзінің дабылын, содан соң аяқ киімін түтінге ұстау арқылы құралдарын тазартып, алдағы рухтармен күреске күш жинайды деп сенген. Барлық дайындықтан соң шаман дабылды соғып, түтіннің айналасында күннің бағытымен үш рет айналып шығады. Дабылдың үніне ілесе құстың дауысын салып айқайлап, камлание басталғанын білдіретін белгі жасайды. Кейін «ээрендерге» үн қатып, олармен сыбырлай сөйлесіп, астарлы рухани байланыс орнатады. Тывалық шамандар зұлым рухтарды қуудың әртүрлі әдістерін меңгерген. Ф. Конның айтуынша, кейбірі жаман рухтарға жалбарынып, науқасты кешіруді сұраған. Ал ең беделді, тұқым қуалайтын шамандар өте қатал әдістерді қолданған: олар рухтарды ұстап, дабылға қамап, киіз үйдің сыртына атып жіберетін. Камлание кезінде қолданылатын «эрень» идолдары рухтарды тыныштандыру үшін жасалып, әрқайсысы белгілі бір ауруды білдірген.

Енді қазақ бақсыларының дәстүрлі практикаларына тоқталайық. Ф. Фиельструп жазбаларында ол қазақтың белгілі бақсысы Исламбектің камлание рәсімін егжей-тегжейлі сипаттайды. Зерттеушінің айтуынша, Исламбек жораны бастар алдында етігін шешіп, қобызын қолына алып ойнаған. Рәсімнің алғашқы сәттерінде ол әрі қобыз тартқан, әрі ән айтып, өзіне дем беретін рухтарды шақырған. Бақсы біраз уақыт бойы аяғын жиып, алға еңкейіп отырып, рухтар бойына енген кезде ерекше күйге түскен. Фиельструп бақсының киімі оның дәрежесін көрсеткенімен, магиялық мәнге ие болмағанын ерекше атап өтеді. Асатаяқпен жұмыс істеген кейбір бақсылар тіпті арнайы киім кимеген. Сеанс барысында бақсы киіз үйдің еденінде отырып теңселіп, кейде орнынан тұрып айнала билеп алған. Бұл әрекет көне дәстүрлердің жалғасы ретінде камланиенің маңызды бөлігі саналатын.

Қазақтың «айналайын» деген сөзі де бақсылардың науқасты айналып шығу ғұрпынан тараған. Сонымен қатар, олар жылқының бас сүйегін бояумен әсемдеп қолданып, қыз бейнесіндегі қуыршақтар жасаған. Қазақ бақсылары жындардың күшіне сүйеніп жұмыс істеген. Жындар жақсы-жаман, мұсылман және пұтқа табынушы болып бөлінген. Фиельstrupтың мәліметі бойынша, ауру тудыратын жындар табиғи стихиялардан немесе марқұмдардың рухтарынан пайда болған. Оларды қуып, бойын тазарту бақсының негізгі міндеттерінің бірі болған. Қазақтарда құмалақшы, түс жорушы, дәрігер сияқты басқа емшілер де болғанымен, олардың беделі мен ықпалы бақсылармен салыстырғанда едәуір төмен тұрған [5, 284-285 бб].

Екі халықтың шамандарының ритуал кездерінде олардың қолдаушылары әр түрлі. Тыва шамандарында олар жануар кейпінде, ал қазақтарда көбіне адам кейпінде келеді. Олардың жоралғылары, ритуалдарыда ұқсас бірақ өзіндік ерекшеліктері бар және басқа халықтардың шамандық атрибуттары мен ритуалдары ұқсас.

Қорытындылай келе шаманизм әлі күнге дейін сақталып келе жатыр бірақ көп халықтардың тұрмысында жойылып кеткен. Қазақ халқының тұрмыс мәдениетінде шамандық үлгілер көп сақталмаған көбіне бақсылық пен емшілік басым.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аташ Б.М., Танжаров М.И. Көне түркі-түркі-қазақ даласындағы шаманизмнің генезисі мен эволюциясы: тарихи-танымдық бағдарлар
2. Агопов Г.В. Шаманизм в XXI веке: фигура шамана в обществе / Вестник Исторического общества Санкт-Петербургской Духовной Академии, 2020. - №1 (4). - С. 254-263.
3. Омарова Г.Н. Бақсылық және магиялық-сұрыптық фольклор тарихи-мәдени ретроспекция тұрғысынан (қобыз және бақсы сарындары бойынша)
4. Бахтикиреева У.М., Темиргазина З.К. Многоликий Феникс: вопросы витальности шаманизма у тюркских народов
5. Досмурзинов Р.К. Шаманские практики в системе верований казахов и тувинцев (1920-1960-е гг.): сравнительный анализ
6. Дарханова А.И. Современные тенденции в центрально-азиатском шаманизме/А.И.Дарханова//Вестник Бурятского государственного университета.-Сер.История.-2010.Вып, 7.-С.118-121.

XIX ғ. II ж. - XX ғ. I ж. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АҒАРТУ ІСІ: ЖӘДИДИЗМ МЫСАЛЫНДА

Канатова Б.Е.

Ғылыми жетекшісі: PhD доктор Бөдеев Қ.Т.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті
honh9764@gmail.com
Қарағанды қ.

XIX ғ. II ж.- XX ғ. I ж. ағартушылық реформалар қазақ қоғамының рухани, мәдени және қазіргі білім беру жүйесінің қалыптасуына елеулі әсер етті. Бұл уақытта Ресей империясының отарлық әкімшілігі мұсылман мектептері мен медреселердің қызметін қатаң бақылауға алғанымен, қоғамдағы ішкі рухани сұраныстардың күшеюі білім берудің жаңа нысандарының қалыптасуына негіз қалады. Діндарлар таратқан құран, иман және адамгершілік қағидаларына сүйенген ілімдер қоғамдық тұрақтылық пен мәдени сабақтастықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар жаңаша оқыту әдістері халықтың сауаттылық деңгейін арттырып, ұлттық сананың жаңғыру процесін жеделдетті.

Қазіргі жаһандану жағдайында қоғамдағы діни сауатсыздықтың артуы, радикалды және экстремистік көзқарастардың таралуы тарихи-мәдени мұраны қайта саралаудың маңыздылығын күшейтіп отыр. Қазақ даласындағы дәстүрлі діни білім беру институттарының - медреселердің, итинерациялық молдалар жүйесі мен жәдид мектептерінің қызметін ғылыми тұрғыдан зерделеу осы контексте ерекше маңызға ие. Тақырыптың өзектілігі - зерттеліп отырған кезеңдегі медреселерде исламның гуманистік мазмұны, бейбітшілікке, адамгершілікке және қоғамдық келісімге үндейтін ілімдердің оқытылуы қоғамдағы рухани тұрақтылықтың маңызды факторларының бірі болғанын айқын көрсетуінде. Діни және ағартушылық білім беру мекемелері мен империялық әкімшілік арасындағы өзара әрекет ұлттық өзгешелікті қалыптастырудағы негізгі кілт болып табылады. Бұл процесс тарихи мұраны қайта қарастыру жөніндегі қазіргі заманғы ғылыми дискурста жоғары деңгейде өзекті болып отыр. Осы контексте мұсылмандық білім беру жүйесін зерттеу қазақ халқының сауаттылығы, интеллектуалды дамуы және мәдени тәжірибелеріне тигізген ықпалын тереңірек түсінуге ғана емес, сонымен қатар үстем саяси және мәдени күштерге қарсы жергілікті дәстүрлерді сақтау ордасы ретінде олардың функциясын айқындауға мүмкіндік береді.

XIX-XX ғасырлардағы қазақ қоғамының ағарту ісінің жағдайын талдау барысында жәдидизм қозғалысының қалыптасуы мен оның Қазақстанға таралу ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ патша үкіметінің мұсылмандық мектептер мен медреселерге қатысты саясатының ағартушылық процестерге әсерін бағалау, кезеңдердегі білім беру бағдарламаларын өзара салыстыру зерттеудің негізгі мақсаты мен міндеттері болып табылады.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ қоғамындағы патриархалдық-феодалдық қатынастардың әлсіреуі, капиталистік элементтердің күшеюі, тауар-ақша қатынастарының және отырықшылық-егіншіліктің дамуы әлеуметтік-экономикалық құрылымның жаңаруына алып келіп, ағартушылық қозғалыстардың өрістеуіне алғышарт жасады [1, 501-502 б].